



МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ ЖӘНЕ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРІНЕ САЛЫҚ САЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ



Салық кодексі салықтық әкімшілендіруді жеңілдетуді көздейді. Атап айтқанда, салық есептілігінің көлемі 30 пайызға қысқарады, салықтардың саны 20 пайызға азаяды, жеңілдіктер мен алымдар оңтайландырылады. Елеулі өзгерістер корпоративтік және жеке табыс салықтарынан бастап инвестицияларды ынталандыру және салық жүктемесін қайта бөлудің барлық негізгі бағытты қамтиды.

Қосылған құн салығының (ҚҚС) жаңа базалық мөлшерлемесі 16 пайыз болып бекітілді. Дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді: 2026 жылдан 5 пайыз, 2027 жылдан 10 пайыз.

Бұл ретте Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) мен Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері ҚҚС-тан босатылады.

Мерзімді баспа басылымдарды өткізу бойынша 10 пайыз деңгейінде төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленеді. ҚҚС бойынша міндетті есепке қою үшін айналымның төменгі шегі 10 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (40 миллион теңге) төмендетіледі.

Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қорынан (БЗЖҚ) төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан (ЖТС) босатылады. Пайдаланылу мерзімі 10 жылдан жоғары автомобильдер үшін көлік құралы салығы төмендетіледі. Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік салықтық шегерімдер 882-ден 5000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды.

Салықтардың саны азайды: бірыңғай жер салығы қысқартылды, жеке төлемақылар бойынша мөлшерлемелер мен алымдардың саны кемітілді.

Арнаулы салық режимдері оңтайландырылды. Енді олар үш жағдайда қолданылады: өзін-өзі жұмыспен қамтығандар үшін, оңайлатылған декларация негізінде және шаруа қожалықтары үшін.

Өзін-өзі жұмыспен қамтығандар төлемдерді мобильдік қосымша арқылы есептеп, төлей алады.

Корпоративтік табыс салығы (КТС) 20 пайыз деңгейінде сақталады. Алайда сараланған салықтық мөлшерлеме енгізіледі. Атап айтқанда, банктер (бизнес субъектілерін кредиттеуді қоспағанда) мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылғы 5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2027 жылғы 10 пайызға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 пайыз жеңілдетілген мөлшерлеме қалады.

Қор нарығын ынталандыру

үшін биржалық құнды қағаздарға төленетін дивиденттерге салық жеңілдіктері сол күйі сақталады. «Бөйтерек» холдингі шығарған құнды қағаздардан түсетін кіріс 2031 жылға дейін КТС-тен босатылады. Пайдалы қазбаларды өңдеу мен геологиялық барлау саласы үшін қосымша преференциялар қарастырылған. Атап айтқанда, тиімділігі төмен жаңа учаскелер 5 жылға пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босатылады. Жеке табыс салығының (ЖТС) прогрессивті мөлшерлемесі енгізіледі.

Жылдық жалпы табысы 8500 айлық есептік көрсеткіштен асатын азаматтарға 15 пайыз салық мөлшерлемесі қолданылады. Сол сияқты дивиденттері мен табыс көлемі жылына 230 мың АЕК-тен асатын кәсіпкерлер осындай мөлшерде салық төлейді. Ал фермерлердің осы межеден асатын табысына бұрыннан сақталған 70 пайыз жеңілдікті есепке ала отырып, 4,5 пайыз салық салынады.

Жеке тұлғалар үшін қымбат өнімдерге, атап айтқанда құны 75 миллион теңгеден асатын автокөліктерге, құны 100 миллион теңгеден асатын кемелерге, әр литрінің құны 500 мың теңгеден асатын алкогольге, әр данасының құны 10 мың теңгеден асатын темекі өнімдеріне 10 пайыз акциз түрінде салық салынады. Сонымен қатар жалпы құны 450 миллион теңгеден асатын жылжымайтын мүлік нысандарына мүлік салығы жоғарылайды.

Салықтық әкімшілендіру тәсілдері айтарлықтай өзгереді. Камералдық бақылау ескерту сипатында болады. Салықтық берешекті өндіріп алу, төлемді кейінге қалдыру және бөліп төлеу мүмкіндігін беру процедуралары жеңілдетіледі. Салық берешегі аз болса, бизнестің есепшоттары бұғатталмайды. Қарыз сомасына қарай ескерту және басқа да шаралар кезең-кезеңімен қолданылады.

Кодекс 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

akorda.kz

МОЛОДЕЖЬ ТАЛДЫКОРГАНА ЗА ЧИСТЫЙ ГОРОД: СОСТОЯЛСЯ ЭКОСУББОТНИК «TAZA EL - TAZA BOLASHAQ»



Молодые активисты Талдықорғана провели экологический субботник под названием «Taza El - Taza Bolashaq», присоединившись к республиканской акции «Таза Қазақстан». В мероприятии приняли участие представители движения «Жасыл Ел» и сотрудники городского молодежного центра «Талдықорған жастары». Главная цель субботника - не только очистка территорий от бытового мусора, но и формирование экологического сознания среди населения, развитие ответственности за состояние окружающей среды, особенно среди молодежи.

Как отметил руководитель городского филиала «Талдықорған жастары» Еркебулан Жакан, акция прошла на территории, прилегающей к Дворцу школьников и Молодежному центру:

«Мы часто убираем берега рек - Каратал, Балықты, но в этот раз решили начать с родного двора. Президент страны Касым-

Жомарт Токаев не раз подчеркивал, что чистота начинается с малого - с дома, улицы, двора. Мы полностью поддерживаем этот подход».

По его словам, в субботнике участвовали волонтеры, сотрудники молодежных организаций.

Кроме экодеятельности, «Талдықорған жастары» ведет активную работу с молодежью, в том числе с представителями категории NEET - теми, кто не работает и не учится. Таких в городе насчитывается около 2000 человек.

«Мы стремимся вовлечь этих молодых людей в социальную, спортивную и деловую активность. Главное - дать им возможность раскрыть свой потенциал и найти себя», - рассказал Еркебулан Жакан.

По информации областного управления общественного развития

akorda.kz

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҮШІН СЫЙЛЫҚАҚЫҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ ЖАЛҒАСУДА



ҮЕҰ АРНАЛҒАН СЫЙЛЫҚАҚЫ ПРЕМИЯ ДҮЛІ

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан жыл сайынғы үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақыны табыстау конкурсына өтінімдерді қабылдау жалғасып жатыр. Айтпа кетсек, өтінімдерді қабылдау 2025 жылғы 1 шілдеден бастап 1 қыркүйекке дейін жалғасады.

Конкурстың мақсаты – ұйымдардың әлеуетін нығайту және қоғамдық маңызы бар жобаларды іске асыруға ынталандыру мақсатында институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлықақы әлеуметтік маңызы бар 16 сала бойынша беріледі. Бір салаға арналған сыйлықақы мөлшері – 2000 АЕК. Соңғы 8 жылда 486 ҮЕҰ қоғамдағы маңызды мәселелерді шешуге қосқан үлесін көрсетіп, сыйлықақыға ие болды. Солардың ішінде жыл сайын шамамен 10 ауылдық ҮЕҰ аудандар мен ауылдарды дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталды. Егер сіздің ҮЕҰ қоғам өміріне белсенді араласып, өз саласында көшбасшы ретінде танылып, әлеуметтік маңызды мәселелерді шешуге үлес қосып, жаңашыл идеяларды іске асырса байқауға қатысуға шақырамыз.

Конкурсқа қатысу шарттары туралы толығырақ келесі сілтеме бойынша білуге болады: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akk/documents/details/863651?lang=kk>

Сұрақтар туындаған жағдайда келесі нөмірлер бойынша хабарласуға болады: 8 (7172) 74-09-97, 74-07-41, 74-02-17.

Дереккөз: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми ақпарат ресурсы

БИЫЛ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА 2,2 МЛН ТОННА ЖЕМ-ШӨП ДАЙЫНДАЛАДЫ



Биыл Жетісу облысында 2,2 млн тонна жем-шөп дайындау жоспарланып отыр, оның ішінде 1,2 млн. тонна шөп, 341 мың тонна сабан, 117 мың тонна пішендеме, 203 мың тонна сүрлем, 307 мың тонна жемдік астық дайындалады, - деп

хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Осы жылы мал азығы дақылдарының егіс көлемі облыста 92,5 мың гектарды құрап отыр. Бүгінгі күннің деректеріне сәйкес өңірде 994 мың тонна мал азығы жиналды, соның ішінде 82,8 мың га көп жылдық шөптің бірінші шабындығы толығымен шабылып, екінші шабындық жұмыстары жүргізілуде. Бір жылдық шөптің 7 мың га, табиғи шабындықтың 107 мың гектары шабылды.

Одан басқа, 76 мың тонна сабан, 15 мың тонна жем жиналды. Жалпы 786 мың тонна шөп дайындалды. Сол сияқты 117 мың тонна пішендеме басылды.

- Жетісу облысында қолдағы барлық мал басын қыстау кезеңіне 2 млн 890 мың тонна мал азығын жиналады деп есептелген. Бұл қажетті жем-шөптің 1,5 жылдық қоры. Оның 653,4 мың тоннасы өткен жылдан қалған. Мал азығын дайындау жұмыстары аудандарда қызу жалғасып жатыр», - дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Н. Кененбаев.

Фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНДА «ТАЗА БЕЙСЕНБІ» АКЦИЯСЫ ЖАЛҒАСУДА

Ескелді ауданында экологияны қорғауға бағытталған «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы үгі дәстүрге айналды. Бұл шара апта сайын өткізіліп, қоршаған ортаны таза ұстауға шақыратын үгі бастамалардың біріне айналып отыр.

Кезекті акция Алдабергенев ауылдық округіне қарасты орталық саябағында өтті. Шараға «AMANAT» партиясының мүшелері, ауыл белсенділері, жастар және тұрғындардан құралған 50-ге жуық адам қатысты. Олар саябақ аумағын тұрмыстық қалдықтар мен қоқыстан тазартып, табиғатқа жанашырлық танытты.

Тазалық шарасының нәтижесінде 5 тоннадан астам қоқыс жиналып, арнайы қоқыс полигонына жөнелтілді. Бұл тек қоршаған ортаны таза ұстау ғана емес, сонымен қатар қоғамның экологиялық мәдениетін арттыруға бағытталған маңызды қадам болды.



«Таза бейсенбі» акциясы алдағы уақытта да жалғасын тауып, ауданның өзге де елді мекендерінде өткізіледі. Жергілікті жұртшылықтың белсенділігі бұл бастаманың халық арасында қолдау тауып отырғанын көрсетеді.

— Табиғатты қорғау — әр азаматтың парызы. Біз бүгін өз үлесімізді қосып, болашақ ұрпаққа таза әрі көркем табиғат қалдыруды мақсат еттік, — дейді Алдабергенев ауылдық округінің әкімі Садырбаев Жалғас Бақытұлы.

Айта кету керек, «Таза бейсенбі» акциясы аясында ауданның бірнеше елді мекендерінде осындай тазалық шаралары тұрақты түрде өткізіліп келеді.

АСПАЗ БОЛУ – ДӘМ МЕН МЕЙІРІМНІҢ ТОҒЫСЫ



ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Менің атым – Айгүл Төлеуқызы. Мен Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында тұрамын. Қазіргі уақытта ауданымыздағы мектепте аспаз болып жұмыс істеймін. Бұл мамандықты жүрек қалауымен таңдадым. Бала күнімнен бері ас үйде анама көмектесіп, әртүрлі тағам дайындауды жақсы көретінмін. Уақыт өте келе осы іске шын көңілмен беріліп, аспаз болуды шештім. Адамдарды дәмді ас арқылы қуантудың өзі — үлкен бақыт

Аспазшы болу — жай ғана кәсіп емес, бұл — өнер, шабыт және жүрекпен жасалатын еңбек. Аспаздық — адамдарға қуаныш сыйлайтын, дәмді тағам арқылы олардың көңілін көтеретін, мейірім мен жылулық тарататын мамандық.

Аспазшы — әр тағамды махаббатпен әзірлейтін адам. Ол тек ас дайындап қана қоймайды, әрбір тағамға өзінің жан жылуын, қиялын, тәжірибесін салып, өзгелерге қуаныш сыйлайды. Қуанышты сәттер мен мерекелерде дайындалған ерекше тағамдар сол сәттердің ұмытылмас болуына үлес қосады.

Аспаз болу — үлкен жауапкершілік. Себебі адамдардың денсаулығы мен көңіл-күйі тікелей дайындалған асқа байланысты. Әрбір өнімді таңдап, тазалықты сақтап, дәмді әрі пайдалы тағам әзірлеу — кәсіби аспаздың басты міндеті.

Кейбіреулер аспаз болуды қарапайым мамандық деп ойлауы мүмкін. Алайда, бұл — көп ізденісті, тәжірибені, еңбекқорлықты қажет ететін сала. Жаңашыл аспаздар үнемі түрлі дәмдерді үйлестіріп, жаңа мәзір ойлап тауып, өз шеберлігін шыңдайды.

Аспаз болудың ең үлкен бақыты — адамдардың ризашылықпен айтқан жылы сөздері мен жүздеріндегі күлкі. Олар дайындаған тағамдар арқылы жүректерге жылулық сыйлайды, отбасыларды бір дастарқанға жинайды.

Сондықтан да, аспаз болу — бұл нағыз бақыт. Бұл — адамдарға қызмет ету, оларды қуантудан ләззат алу. Әр табақ тағам — аспазшының қолтаңбасы, ал әрбір ризашылық — оның ең үлкен марапаты.

Ауданымызда халықтың бірлігі мен қонақжайлығы ерекше. Әсіресе, ұлттық тағамдарға деген сұраныс жоғары. Қонақ күткенде немесе мектептегі мерекелік дастарқандарда бауырсақ, ет, самса секілді тағамдарды жиі әзірлейміз. Халқымыздың дәмге деген талғамы жоғары, сол себепті де аспаз болу — үлкен жауапкершілік.

Егер шын ықыласпен, адал ниетпен аспаз болғыңыз келсе — қорықпаңыздар. Үйренуден жалықпаңыздар. Аспаз болу — дәм мен мейірімнің, тазалық пен тәртіптің тоғысы. Бұл — адамдарға қуаныш сыйлайтын, береке әкелетін мамандық.

Дара Дана

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

Қоғамда заң мен тәртіптің орнығуына, кемшіліктердің түзе-луіне әр азаматтың үлес қосуына мүмкіндігі зор. Бұл ретте «Smart City» тұжырымдамасы аясында 2022 жылдан бастап Жетісу облысында іске қосылған «Қызмет 109» бірыңғай байланыс орталығы жобасы өз тиімділігін көрсетіп келеді.

Азаматтар мен мемлекеттік құры-лымдар арасындағы ашық әрі жедел коммуникацияны қамтамасыз етуге бағытталған бұл орталық комму-налдық және әлеуметтік сипаттағы мәселелер бойынша өтініштерді тәулік бойы қабылдайды.

Жүйе 5 негізгі арна арқылы жұмыс істейді: 109 қысқа нөмірі, ресми портал (<https://zhetysu.kotek109.kz/submit>), Zhetysu 109 мобильді қосымшасы, WhatsApp және Telegram мессенджерлері, Instagram әлеуметтік желісі.

Көпарналы байланыс

ТИІМДІ ҚЫЗМЕТ

тұрғындардың түрлі санаттарына сервис-тің қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

2025 жылы Zhetysu 109 қосымшасы жаңғыртылып, бірқатар маңызды функциялармен толықты. Атап айтқанда, өтініштерді бағалау жүйесі, коммуналдық және жедел қызметтердің рейтингі, апаттық және жоспарлы жұмыстар картасы, өтініш мәртебесінің ашық көрінісі, SMS-хабарламалар модулі, сондай-ақ мақсатты жаңалықтар тарату механизмі іске қосылды.

Бүгінде орталық 30-дан астам бағыт бойынша өтініштерді қабылдайды. Ең өзекті мәселелер — көше жарығы, жолдардың жай-күйі, санитарлық тазалық, абаттандыру, электрмен жабдықтау мен ашық құдықтар.

Жыл басынан байланыс орталығына келіп түскен өтініштер саны былтырғы

көрсеткіштен 34%-ға жо-ғары. Бүгінде әр мемлекеттік орган үшін байланыс орталығымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі бекітілген. Жаңа регламентке сәйкес, өтініш тіркелгеннен кейін бір сағат ішінде жауапты орындаушы тағайындалуы тиіс. Ал нақты жауап бір жұмыс күні ішінде дайын болуы қажет. Төтенше жағдайлар кезінде шұғыл және бейінді қызметтерге дер кезінде ақпарат беру жүйелендірілген.

Осылайша, «Қызмет 109» жобасы жай ғана диспетчерлік қызмет емес, аймақтық оқиғаларға жедел ден қоятын заманауи инфрақұрылымның маңызды буынына айналып отыр. Тұрғындар ішкі тәртіпке маңыз беріп, 109 қызметіне негізсіз өтініштер қалдырмай, заң аясында оң шешімін күтіп тұрған мәселелер бойынша хабарласса құба-құп.

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ағымдағы жылдың шілде айында Ескелді ауданы әкімінің аппаратында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті өкілдерінің қатысуымен маңызды семинар ұйымдастырылды. Іс-шара мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамаларды, Әдеп кодексінің талаптарын және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби әдебін сақтау мәселелерін талқылауға арналды.

Семинардың басты тақырыбы — мемлекеттік қызметтегі әдеп пен заңдылықты нығайту, қызметтік тәртіп пен жауапкершілік деңгейін арттыру болды. Бұл — қазіргі қоғамда мемлекеттік қызметке деген сенімділік пен ашықтықты қамтамасыз етудің негізгі шарттарының бірі.

Жиын барысында Департамент қызметкерлері мемлекеттік қызмет туралы заң нормаларына және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне жан-жақты тоқталып, оның талаптарын күнделікті қызмет барысында қалай дұрыс қолдану керектігі жөнінде нақты түсініктемелер берді. Сонымен қатар, қатысушыларға құқықбұзушылықтардың алдын алу жолдары тәжірибелік мысалдар арқылы түсіндірілді.

Семинарда талқыланған негізгі мәселелердің қатарында мемлекеттік қызметшінің қоғам алдындағы жеке жауапкершілігі, қызметтік әдебі, сондай-ақ мінез-құлқының мемлекеттік органның беделіне және азаматтардың сеніміне әсері ерекше назарда болды. Қоғаммен және азаматтармен қарым-қатынастағы ашықтық, әділеттілік, бейтараптық қағидаттары — бүгінгі мемлекеттік қызметшінің ажырамас сипатына айналуы тиіс екені айтылды.

Сондай-ақ, қатысушыларға сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мүдделер қақтығысын болдырмау, қоғамдық бақылаудың рөлін арттыру, қызметтік әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметі сияқты бағыттарда да кеңінен ақпарат ұсынылды. Бұл тақырыптар аясында нақты мысалдар келтіріліп, туындауы мүмкін күрделі жағдайларды болдырмаудың тиімді жолдары көрсетілді.

Кездесу соңында Департамент өкілдерімен қатысушылардың сұрақтарына нақты әрі жан-жақты түсіндірмелер беріліп, қызмет барысында кездесетін түрлі құқықтық және әдеп мәселелері бойынша тәжірибелік кеңестермен бөлісті.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің өкілдері мұндай кездесулер алдағы уақытта да жүйелі түрде өткізіліп, мемлекеттік қызметшілердің құқықтық мәдениетін, әдептілік деңгейін, кәсіби жауапкершілігін арттыруға бағытталатынын атап өтті.

Осы сынды семинарлар мемлекеттік аппараттың ашықтығын, тиімділігін арттырып қана қоймай, халықтың билікке деген сенімін нығайтуға да өз үлесін қосатыны сөзсіз.

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаменті

ТАБИҒАТТЫ ӨРТТЕН ҚОРҒАУ БАРШАМЫЗДЫҢ ПАРЫЗЫМЫЗ



Шілденің ортан белінен басталып, қыркүйектің басына дейін жалғасатын аптап ыстық өртке қарсы қызметі үшін аса бір сындарлы мерзімдердің бірі. Өйткені, таулы-далалы алқапта, жалпы табиғат аясында орын алатын өрт оқиғалары жиілейді. Құрғақ шөп күннің ыстықтығынан, яки, басқа себептерден тұтанса, аз мерзімнің ішінде ұланғайыр аумақтарға жайылып, алапат өртке айналмақ. Ең қауіптісі, орманға, егіндікке жайылып кету апатын да тудырады. Мал жайылымын құртып, мал шаруашылығымен айналысатын қожалықтардың нысандарына, аша-тұяқтысына қауіп төндіреді.

Қазіргі күндері облыс бойынша 3-4 өрт таулы-далалы аймақта тіркеліп отыр. Осыған орай өртке қарсы қызметті күшейтілген жұмыс күніне көшірілген. Өрт кезінде өртке қарсы қызметінің басқа да мекемелермен атап айтқанда, өкімдіктермен, көлік-коммуникация мекемелерімен, орман шаруашылығы басқармалармен т.б. қажетті орындармен бірігіп өзара әрекет ету іс-жоспарлары жасалған.

Бүгінгі таңда табиғат аясында орын алған өрттің бастамасына көбінде адамның да себебі болатындығын айта кетуге болады. Даладағы өрттің көпшілігінде автокөлік тасжолының бойынан басталатындығын анықтау жұмыстары көрсетіп отыр. Оған не себеп дейсіз ғой. Оған себеп мысалы көлік жүргізушісінің өшірмеі терезеден лақтыра салған темекі тұқылы екендігі сөзсіз. Сонымен қатар малшылардың да отты абайсыз қолданғандары да туған жердің отқа орануының бірден-бір себебі болуда.

Аудан өңірін өрттен қорғау үшін өртке қарсы қызметі бірқатар тиімді шараларды жүзеге асыруда. Олардың бірі Талдықорған орман қорғау мекемесімен бірге табиғат аясындағы өртті анықтау мен ауыздықтау арналған жұмыстар үйлестірілуде. Орман қорғаушы мекемесінің мамандары қазіргі уақытта күн сайын аудан аумағын шарлап ұшады. Мақсат табиғат аясында шыққан өртті анықтап, оны сөндіруге күштерді жедел жұмылдыру. Бұл шараның нәтижесінде дала алқабын, орманды, таулы өңірді шарпыған өртті өрттің шағын көлемдерінде ауыздықтауға және оттан келетін зиянның көлемін барынша кемітуге септігі тиюде.

Қортындысында, баршаларыңызды табиғат аясында отқа сақ болуға шақырамыз. Өрттің барлығының абайсыздық танытқандықтан, елеп ескерілмегендіктен шығатындығын ұмытпайық. Және де туған жерді өрттен қорғау, аялап, қадірлеу әр азаматтың қастерлі парызы екендігі есімізде болғаны жөн.

Қ. Өшімов.
Ескелді ауданының
ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау капитаны

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ



Сыбайлас жемқорлық – адамзат тарихындағы ең ескі және ең қауіпті қоғамдық дерттердің бірі. Ол – мемлекеттің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуына кедергі келтіретін, қоғамдағы әділеттілік пен сенімді жоятын, адамдардың мемлекетке, заңға, бір-біріне деген сенімін әлсірететін қауіпті құбылыс. Сондықтан да елімізде бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» деген ұранмен ауқымды жұмыстар жүргізіліп келеді.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?
Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік немесе жекеменшік қызметтегі адамның өз өкілеттігін немесе лауазымдық мүмкіндігін жеке пайдасы үшін пайдалану. Бұл пара беру, пара алу, қызметін асыра пайдалану, туыстыққа бола артықшылық жасау, заңсыз шешім қабылдау сияқты әртүрлі формада көрініс табады. Мұндай әрекеттер заңмен қатаң жазаланады, себебі ол – қоғамдық мүддеге қарсы бағытталған.

Сыбайлас жемқорлықтың салдары – ел экономикасының әлсіреуі, халықтың құқықтарының бұзылуы, әділетсіздіктің белең алуы, жастардың болашаққа сенімінің жоғалуы.

Мұндай қоғамда нағыз еңбек пен адалдық бағаланбай, алаяқтық пен таныстық алға шығады. Бұл – кез келген елдің күйреуіне әкелуі мүмкін өте ауыр жағдай.

Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күрес
Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған сәттен бастап бұл мәселеге қарсы күресті басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырды. 2015 жылы елімізде

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жаңа заң қабылданды. Бұл заң сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік принципін енгізіп, әрбір азаматтың адал өмір сүруіне жол ашатын нақты тетіктерді қамтиды. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – баршаға ортақ міндет. Кейбір адамдар жемқорлықпен тек полиция немесе арнайы мекемелер күресуі керек деп ойлайды. Алайда бұл – қате түсінік. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – әрбір азаматтың міндеті. Біз күнделікті өмірімізде пара бермеу, пара ұсынбау, әділ болу, адал еңбектену арқылы өз үлесімізді қоса аламыз.

Егер біз әділетсіздікке көз жұма қарап, үндемей өте берсек, бұл құбылыс одан әрі өрши түседі. Ал егер біз әділетсіздікке қарсы тұрып, өз ұстанымымызды нақты білдірсек – нағыз патриоттық, азаматтық ұстаным танытамыз.

Қазіргі таңда Қазақстан – дамуға бет алған, өркениетті елдердің қатарынан орын алуға ұмтылып отырған мемлекет. Ал өркениетті қоғам тек адал еңбекке, әділеттілікке, парасаттылық пен заң үстемдігіне негізделуі тиіс.

Сондықтан барша қазақстандықтардың ортақ мақсаты – «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» деген ұранды ұстанып, адал, әділ қоғам құруға өз үлесін қосу. Бұл – еліміздің жарқын болашағы үшін жасалатын ең маңызды қадамдардың бірі.

МОНОПОЛИЯҒА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ «КОРПОРАЦИЯ «ЖЕТИСУГАЗ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІНДЕ АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Баллонмен өткізу барысында Бәсекелестікті қорғау және тұтынушылар дамыту агенттігінің Жетісу тобына облысы бойынша департаменті байланысты әртүрлі бағаны «Корпорация «Жетісугаз» қолданғаны белгілі болды. Анықталған заң бұзушылықтар негізінде Департамент акционерлік қоғамының қатысты өтінішті «Корпорация «Жетісугаз» акционерлік қоғамына тиісті хабарлама таратып, Қазіргі уақытта бұл хабарлама толық көлемде орындалды және баллондағы сұйытылған мұнай газы барлық тұтынушыларға бірдей бағада сатылуда.

НАРУШЕНИЯ АНТИМОНОПОЛЬНОГО ЗАКОНО- ДАТЕЛЬНОСТВА ВЫЯВЛЕНЫ В РАБОТЕ АО «КОРПОРАЦИЯ «ЖЕТИСУГАЗ»

Департаментом Агентства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по области Жетісу рассмотрено обращение касательно деятельности АО «Корпорация Жетісугаз».

По результатам рассмотрения обращения в деятельности корпорации выявлены признаки нарушения законодательства в области защиты конкуренции. В частности, установлено, что корпорацией применялись разные цены при реализации сжиженного нефтяного газа в баллонах, в зависимости от групп потребителей.

На основании выявленных нарушений Департаментом направлено соответствующее уведомление в АО «Корпорация Жетісугаз». В настоящее время уведомление исполнено в полном объеме, и сжиженный нефтяной газ в баллонах реализуется по одинаковой цене для всех потребителей.

МОДУЛЬ «ОНЛАЙН БЮДЖЕТНЫЙ МОНИТОРИНГ» ПОМОГ ВЕРНУТЬ В БЮДЖЕТ ЖЕТИСУ БОЛЕЕ 8,6 МЛРД ТЕНГЕ

Департамент внутреннего государственного аудита области Жетісу с помощью модуля «Онлайн бюджетный мониторинг» выявил ряд нарушений в использовании бюджетных средств. В результате принятых мер в бюджет было возвращено более 8,6 млн. тенге.

В сфере образования зафиксировано наибольшее количество рискованных операций. Было выявлено 817 рискованных платежей на общую сумму 393,7 млрд тенге. В результате проверки установлено нецелевое использование средств в размере 102,7 млн.тенге, по фактам нарушений направлено 125 уведомлений. Из этой суммы 6,2 млн тенге уже возвращены в бюджет, на сумму нарушений 96,5 млн тенге виновные лица осуждены и отбывают наказание.

Здравоохранение

В ходе анализа в здравоохранении также были зафиксированы рискованные счета. Однако после предоставления подтверждающих документов операции признаны правомерными, и счета исключены из категории рискованных.

Спорт

В сфере спорта выявлено 47 рискованных платежей на сумму 34,6 млн. тенге. По итогам проверки направлено 46 уведомлений. Впоследствии предоставленные материалы подтвердили законность операций.

Культура

В культурной сфере зафиксировано 15 рискованных платежей на сумму 7,9 млн. тенге. Установлены факты нецелевого использования 2,4 млн. тенге, которые впоследствии были полностью возмещены в бюджет.

Модуль «Онлайн бюджетный мониторинг» доказал свою эффективность как инструмент оперативного выявления финансовых нарушений. Департамент внутреннего государственного аудита области Жетісу планирует продолжать работу по усилению превентивного контроля и совершенствованию системы управления бюджетными рисками.

«ОНЛАЙН-БЮДЖЕТ МОНИТОРИНГІ» МОДУЛІ ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНЫҢ БЮДЖЕТІНЕ 8,6 МЛН. ТЕНГЕДЕН АСТАМ ҚАРАЖАТТЫ ҚАЙТАРУҒА КӨМЕКТЕСТІ

Жетісу облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті «Онлайн бюджет мониторингі» модулі арқылы бюджет қаражатын пайдалану барысында бірқатар заңбұзушылықтарды анықтады. Қабылданған шаралардың нәтижесінде бюджетке 8,6 млн.теңгеден астам қаражат қайтарылды.

Білім саласы

Тәуекелі жоғары операциялар ең көп осы салада тіркелді. Жалпы сомасы 393,7 млн. теңгені құрайтын 817 тәуекелді төлем анықталды. Тексеру нәтижесінде 102,7 млн теңге көлемінде мақсатсыз жұмсалған қаражат анықталып, 125 хабарлама жіберілді. Аталған соманың 6,2 млн. теңгесі бюджетке қайтарылды. Ал 96,5 млн. теңге сомасындағы бұзушылықтар бойынша кінәлі тұлғалар сотталып, жазасын өтеп жатыр.

Денсаулық сақтау

Салада жүргізілген талдау барысында тәуекелді шоттар анықталғанымен, растайтын құжаттар ұсынылғаннан кейін операциялар заңды деп танылып, шоттар тәуекелділер санатынан шығарылды.

Спорт

Бұл салада 47 тәуекелді төлем тіркеліп, олардың жалпы сомасы 34,6 млн. теңгені құрады. 46 хабарлама жолданды. Кейін ұсынылған құжаттар операциялардың заңдылығын растады.

Мәдениет

Мәдениет саласында 15 тәуекелді төлем тіркеліп, жалпы сома 7,9 млн. теңгені құрады. 2,4 млн. теңге көлеміндегі мақсатсыз пайдаланылған қаражат анықталып, бұл сома толығымен бюджетке қайтарылды.

«Онлайн бюджет мониторингі» модулі қаржылық заңбұзушылықтарды жедел анықтау құралы ретінде өз тиімділігін дәлелдеді. Жетісу облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті алдын алу бақылауын күшейту және бюджеттік тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастырады.

В РАМКАХ ПРИМЕНЕНИЯ МОДУЛЯ «ОНЛАЙН БЮДЖЕТНЫЙ МОНИТОРИНГ» ВЫЯВЛЕНЫ НАРУШЕНИЯ И ОБЕСПЕЧЕН ВОЗРАТ НЕЦЕЛЕВЫХ СРЕДСТВ В БЮДЖЕТ

Департаментом внутреннего государственного аудита области Жетісу в сфере образова- ния было выявлено 817 рискованных платежей на общую сумму 393,7 млн тенге. По результатам про- веденных контрольных меропр- ятий установлен факт нецеле- вого использования бюджетных средств на сумму 102,7 млн тен- ге, что привело к направлению 125 уведомлений.

В результате анализа установ- лено нецелевое использование 6,2 млн.тенге, которые были возвра- щены в бюджет.

В сфере здравоохранения также были выявлены рискованные счета, но после предоставления под- тверждающих документов опе-

рации признаны правомерными, и счета выведены из категории рискованных.

Модуль «Онлайн бюджетный мо- ниторинг» позволяет отслежи- вать использование бюджетных средств и выявлять возможные нарушения. В рамках его работы в сфере спорта были выявлены 47 рискованных платежей на общую сумму 34,6 млн. тенге. В рамках проверки направлены 46 уведом- лений. На основании предостав- ленных материалов также уста- новлена законность операций, и счета исключены из перечня ри- сковых.

В сфере культуры с использова- нием модуля «Онлайн бюджетный мониторинг» были выявлены на-

рушения: 15 рискованных платежей на общую сумму 7,9 млн. тенге направлены 15 уведомлений. В результате анализа установле- но нецелевое использование бюд- жетных средств в размере 2,4 млн. тенге, которые были полно- стью возмещены в бюджет.

Модуль «Онлайн бюджетный мониторинг» доказал свою эф- фективность как инструмент оперативного выявления финан- совых нарушений. Департамент внутреннего государственного аудита области Жетісу планиру- ет продолжать работу по уси- лению превентивного контроля и совершенствованию системы управления бюджетными риска- ми.

ЛЕТНИЙ ОТДЫХ ДЕТЕЙ

Обеспечение пожарной безо- пасности детских лагерей име- ет очень важное значение, так как при возникновении пожаров может быть нанесен не только большой материальный ущерб, но и возникнет серьезная опас- ность для жизни детей. Поэто- му каждый работник детского лагеря обязан знать и строго выполнять установленные правила пожарной безопасно- сти. В случае возникновения пожара в первую очередь он должен принимать все завися- щие от него меры по спасанию детей, а затем приступать к тушению пожара.

В соответствии с действующим положением и типовыми правила- ми ответственность за соблюдение противопожарного режима в летних

лагерях возлагается персонально на руководителей этих учреждений.

Следовательно, начальник, заве- дующий, или руководитель учреж- дения обязаны:

-изучить со всеми работниками лагеря правила пожарной безопас- ности;

-регулярно не реже 1 раза в месяц проводить беседы на противопо- жарные темы;

-до прибытия детей разработать план эвакуации с четким распреде- лением обязанностей обслужива- ющего персонала в случае возник- новения пожара и согласовать этот план с местной противопожарной службой;

-обеспечить все помещения не- обходимыми средствами пожароту- шения и связи;

-не допускать хранения пожароо-

пасных веществ в помещениях за- нимаемых детьми;

-осуществлять контроль за пра- вильной эксплуатацией и состояни- ем электропроводки, электронагре- вательных приборов и печей;

Отдел по чрезвычайным ситуаци- ям Ескельдинского района уделяют особое внимание за противопожар- ным состоянием загородных дет- ских оздоровительных учреждений. Но предупреждение пожаров в этих учреждениях в первую очередь за- висит от хозяйственных руководите- лей, организующих оздоровитель- ный отдых детей, от начальников лагерей, заведующих детских дач, пионервожатых, воспитателей и всего обслуживающего персонала.

К. Ашимов,
Старший инженер ОЧС
Ескельдинского района
капитан гражданской защиты

ҚАЗАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ДАРАБОЗЫ



Қазақ халқының бай тарихы мен терең рухани болмысын қылқалам тілімен сөйлеткен суретші Молдахмет Кенбаев – ұлттық бейнелеу өнерінің іргесін қалаушылардың бірі. Ол – туған елінің шежіресін бейнелеп, дала сазын бояу әлемімен үндестіре білген ерекше дарын иесі.

Өмір жолы
Молдахмет Кенбаев 1931 жылы дүние есігін ашып, 1941 жылға дейін Алматы қаласындағы балалар үйінде тәрбиеленді. Балалық шағы қиындықпен өткенімен, өнерге деген құштарлығы оны биік белестерге жетеледі.

Жас талап Алматы көркемсурет училищесін 1948 жылы табысты тәмамдаса, 1956 жылы Мәскеудегі әйгілі Суриков атындағы көркемсурет институтын бітіріп, кәсіби суретші ретінде үлкен өнер жолына қадам басты.

Оқу орнын тәмамдаған соң ол туған елге оралып, мәдениет пен өнер саласындағы ұйымдастырушылық істерге де белсене араласты.

1956–1959 жылдары Қазақстан Көркемсурет қоры басқармасының төрағасы, ал 1968–1974 жылдары Қазақстан Суретшілер одағының кескіндеме секциясын басқарып, талай талантты жасқа жол ашты.

Шығармашылық әлемі
Молдахмет Кенбаевтың шығармашылығы – қазақ халқының тыныс-тіршілігі мен ұлттық құндылықтарын сурет әлемінде сомдаған сырлы да шежірелі бояулар шеруі. Оның алғашқы туындыларының

өзінен-ақ тереңдік пен табиғилық, халыққа деген сүйіспеншілік аңғарылады.

«Әліби Жангелдиннің отряды», «Шопан әні» (1956), «Әңгіме үстінде» (1957) секілді шығармаларында ол туған жер тарихын шебер өрнектеп, көрерменді өз халқымен қайта қауыштырғандай әсер сыйлады. Ұлттық тұрмыс пен салт-дәстүрді арқау еткен «Қиіз басу» (1958), «Сабан тойы», «Тұскиіз» триптихы (1960), «Қашағанды қуу» (1961) секілді кескіндемелері – қазақ руханиятының көркем айнасы іспетті.

Табиғатпен сырласқан суретші Табиғат бейнесін жүректен көріп, жанмен сезіне білген суретші пейзаж жанрында да биік белестерді бағындырды. – «Алматының төңірегі» (1958), – «Суат басында», – «Қыстауда» (1966), – «Тау бөктерінде» (1967), – «Жайлаудағы таң» (1975) сынды туындыларда қазақ даласының кеңдігі мен тыныштығы көркем тілмен шебер жеткізілген.

Портрет – рух айнасы
Адам болмысын ашуға терең психологиялық шеберлік танытқан суретші портрет жанрында да өзіндік қолтаңбасымен танылды.

– «Бұрят әйелі» (1956), – «Суретші әйел портреті» (1957), – «Мұхтар Әуезов» (1977), – «Әл-Фараби» (1980) секілді туындыларында ол тек бейнелеумен шектелмей, кейіпкердің ішкі жан дүниесіне бойлай білді.

Монументалды өнер өрнектері

Кенбаевтың өнері тек кенеппен шектелмей, монументалды мүсін мен мозаика түрінде де жарқырап көрінді.

Ол Алматыдағы «Алматы» және «Қазақстан» қонақ үйлерінің, Неке сарайының, Донецкідегі Металлургтер сарайының, Мәскеудегі «Қазақстан» кинотеатрының қасбеті мен интерьерлеріне салынған мозаикалық паннолардың авторы болды. Бұл туындылар – ұлттық рух пен заманауи стильдің үйлесімді көрінісі.

Ұстаздық жолы
Суретші тек шебер қылқалам иесі ғана емес, рухани мұрагер, ұстаз ретінде де артында өшпес із қалдырды.

– 1959–1965 жж. – Алматы көркемсурет училищесінде, – 1965–1979 жж. – Қазақ ұлттық техникалық университетінде дәріс беріп, – 1980 жылдан бастап – Алматы архитектуралық-құрылыс академиясының сурет кафедрасын басқарды.

1978 жылы оған «профессор» атағы берілді. Ол жүздеген шәкірт тәрбиелеп, қазақ бейнелеу өнерінің келешегіне бағдар берді.

Марапаттары мен танылуы
Молдахмет Кенбаевтың өнері халық жүрегінен орын алды.

– 1959 жылы Құрманғазы бейнесін бейнелегені үшін республикалық бәйгеде I дәрежелі сыйлықты иеленді.

– Туындылары Мәскеудің Третьяков галереясында, Шығыс халықтары өнерінің мемлекеттік музейінде және Қазақстанның басты көркемсурет галереяларында сақтаулы.

– Еңбегі «Құрмет Белгісі» орденімен, түрлі медальдармен марапатталған.

Молдахмет Кенбаев – туған халқының жан-дүниесін, дәстүрін, болмысын бояумен өрнектеген үлкен жүректі суретші.

Оның әрбір туындысы – ұлттық рухтың шежіресі, қазақ өнерінің қазынасы. Өмірін өнерге арнаған көркем тұлғаның есімі – ел жадында, шығармалары – мәңгілік мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді.

МӘМС ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ?

14 шілде Мемлекет басшысы МӘМС туралы Заңға енгізілген өзгерістерге қол қойды. Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы мен Денсаулық сақтау басқармасы әрбір азаматтың медициналық қызметтерге қолжетімділігін арттыруға және медициналық көмекті қаржыландырудың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған заңдағы жаңа өзгерістер туралы түсініктеме берді.

2026 жылдан бастап медициналық көмектің бірыңғай пакетіне кезең-кезеңімен көшу басталады.

Бұл ТМҚКК мен МӘМС-ті нақты ажыратуды, аурулардың ерте профилактикасының қолжетімділігін, сондай-ақ әлеуметтік мән бар ауруларға күдік туындаған жағдайда тегін зерттеп қарауды қамтамасыз ететін болады.

«Бірыңғай пакет әлеуметтік мәні бар ауруларды ерте диагностикалау бойынша кепілдіктерді кеңейтеді. Мысалы, онкоскринингтер сақтандыру мәртебесіне қарамастан барлық қазақстандықтарға қолжетімді болады.

Бұл өз кезегінде тегін медициналық көмектің кепілдік көлеміне кіретін онкоскринингтерді жалпыға бірдей қолжетімді етіп, обырды ерте сатысында уақтылы тиімді диагностикалауға және емдеуге мүмкіндік береді», - дейді Жетісу облысы бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры филиалының директоры Иван Самоилленко.

Оған қоса, МӘМС жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдарды есептеу үшін базаның жоғарғы шегін арттыру ұсынылады.

Қазір орташа жалақысы 300 мың теңге болатын қызметкерлер МӘМС жарнасын 6 мың теңге немесе табыстың 2% деңгейінде төлейді. Ал орташа жалақыдан 5 есе жоғары 1,5 млн теңге табыс алған кезінде 10 ЕТЖ (850 мың теңге) жоғарғы шегі іске қосылады, сондықтан жарна 17 мың теңгеден немесе табыстың 1,1%-ынан аспайды. Орташа жалақыдан 10 есе жоғары 3 млн теңгедегі табыстан МӘМС жарнасы 17 мың теңгеге немесе табыстың 0,6%-на тең болып қалады.

Енді жұмыс берушілер үшін жарналарды 40 ЕТЖ-дан аспайтын соммадан, ол 3,4 млн. теңге және ең жоғары аударымдар айына 102 мың теңгені құраса, ал қызметкерлер - 20 ЕТЖ-ға дейінгі соммадан, яғни 1,7 млн теңге және ең жоғары аударымдар айына 34 мың теңге аударатын болады.

Одан бөлек, 2027 жылдан бастап мемлекет жарналарын 2037 жылға қарай 2%-дан 4,7%-ға дейін кезең-кезеңімен арттыру көзделген. Бүгінгі таңда Жетісу облысында 539 мың адам (82,2%) сақтандырылған, оның ішінде 392 мың адам (72,7%) халықтың жеңілдетілген санаттарына жатады.

Олар үшін ай сайын ағымдағы қаржы жылының алдындағы екі жылдағы орташа айлық жалақының 2%-н құрайтын 7 285,9 теңге МӘМС жарналарын мемлекет төлейді. Бұл мемлекеттің әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Мемлекеттік қолдаудың жаңа шаралары туралы Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов айтты.

Қабылданған заң шеңберінде 2026 жылы МӘМС жүйесі жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен дағдарысты және шұғыл әл-ауқат деңгейі (Д және Е санаттары) бар 1 миллионға жуық адамды қосымша қамтитын болады. Бұл табысы төмен ҚР азаматтарының тағы 5%-ы МӘМС есебінен жоспарлы медициналық көмекке қол жеткізе алатынын білдіреді.

«Қазіргі таңда Жетісу облысында МӘМС жүйесінде сақтандырылмаған 117 мыңнан астам адам бар, оның ішінде 82 мыңы жағдайы жақсы және қанағаттанарлық өмір сүру деңгейі бар азаматтар, ал 35 мыңнан астамы - әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарыстық және шұғыл деңгейлеріне жататын азаматтар. Халықтың осы санаттары үшін жарналар осы азаматтардың медициналық көмекке жүгіну фактісі бойынша жергілікті атқарушы орындарға жүктелетін болады», - дейді Асқар Садықов.

Халықты МӘМС жүйесімен барынша қамту және сақтандырылған азаматтар үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында заң жобасы жеңілдікті кезеңді ұзарту жөніндегі жаңа норманы көздейді.

Енді бес жылдың ішінде өз бетінше және үзіліссіз жарна төлейтін азаматтар уақытша төлемдер болмаған жағдайда да алты ай бойы сақтандырылған мәртебесін сақтай алады.

Бұрын бұл мерзім небәрі үш ай болатын. Бұл әділ және маңызды шешім жүйеге тұрақты қатысатын және уақытша қиындықтарға тап болғандарды қолдайды.

«МӘМС туралы Заңға енгізілген өзгерістерді түсіндіру бойынша бірыңғай коммуникациялық жоспар аясында Жетісу облысында Қор филиалының, үкіметтік емес ұйымдар, өңірлік медициналық қауымдастықтың өкілдерімен тұрақты жұмыс тобы құрылды. Қазіргі таңда түсіндіру жұмыстары басталды, өзгерістерді талқылау бойынша дөңгелек үстелдер, еңбек ұжымдарымен, халықпен, медицина және бизнес қауымдастығымен кездесулер ұйымдастырылады», - дейді Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасының басшысы Асқар Садықов.

исполнительные органы по факту обращения этих граждан за медицинской помощью», - разъяснил Асқар Садықов.

В целях максимального охвата населения системой ОМС и создания благоприятных условия для застрахованных законопроект предусматривает новую норму по продлению льготного периода.

Теперь граждане, которые самостоятельно и без перерывов платят взносы в течение пяти лет, смогут сохранять статус застрахованного в течение шести месяцев даже при временном отсутствии платежей.

Раньше этот срок составлял всего три месяца. Это справедливое и важное решение — оно

поддержит тех, кто стабильно участвует в системе и сталкивается с временными трудностями.

«В рамках единого коммуникационного плана по разъяснению изменений в Законе об ОМС в области Жетісу организована рабочая группа в состав которой вошли представители филиала Фонда, НПО, медицинский актив региона. Начата работа по разъяснению и будущим органам круглые столы по обсуждению изменений, встречи с трудовыми коллективами, населением, медсообществом и бизнес-сообществом», - рассказал

руководитель управления здравоохранения области Жетісу Асқар Садықов.

КАКИЕ ИЗМЕНЕНИЯ ВНЕСЕНЫ В ЗАКОН ОБ ОСМС?



Как всем известно 14 июля Глава государства подписал изменения в Закон об ОСМС. Филиал Фонда социального медицинского страхования и управление здравоохранения области Жетісу дали разъяснения о нововведениях, направленных на повышение доступности к медицинским услугам каждого жителя страны и долгосрочную стабильность финансирования медицинской помощи.

Таким образом, с 2026 года начнется поэтапный переход к Единому пакету медицинской помощи, который обеспечит четкое разграничение ГОБМП и ОСМС, доступность ранней профилактики заболеваний, а также бесплатные обследования при подозрении на социально значимые заболевания.

«Единый пакет расширит гарантии по ранней диагностике социально-значимых заболеваний. Онкоскрининги, к примеру, станут доступны всем казахстанцам, независимо от страхового статуса.

Это в свою очередь повысит

доступность онкоскринингов в пакете ГОБМП и позволит проводить своевременную эффективную диагностику и лечение рака на ранних стадиях», — отметил директор филиала Фонда социального медицинского страхования по области Жетісу Иван Самойленко.

Также для обеспечения финансовой устойчивости системы ОСМС с 1 января 2026 года предлагается повышение верхнего предела базы для исчисления взносов и отчислений в систему ОСМС.

Сейчас работники со средней зарплатой в 300 тыс. тенге оплачивают взнос на ОСМС 6 тыс. тенге или на уровне 2% от дохода. При доходе в 1,5 млн тенге, что в 5 раз выше средней зарплаты, срабатывает верхний предел в 10 МЗП (850 тыс. тенге), поэтому взнос не превышает 17 тыс. тенге, или 1,1% от дохода. С дохода в 3 млн тенге, что уже в 10 раз выше средней зарплаты, взнос на ОСМС остается таким же - 17 тыс. тенге, или 0,6% от дохода.

Теперь работодатели будут отчислять взносы с суммы, не превышающей 40 МЗП, это 3,4 млн. тенге и максимальные отчисления составят 102 тыс. в месяц, а работники — с суммы до 20 МЗП, это - 1,7 млн. тенге и максимальные отчисления составят 34 тысячи тенге в месяц.

Помимо этого, с 2027 года предусмотрено поэтапное повышение взносов государства с 2% до 4,7 % к 2037 году. На

сегодня в Жетісу застрахованы 539 тысяч человек (82,2%), из них 392 тысячи человек (72,7%) относятся к льготным категориям населения.

За каждого из них взносы на ОСМС уплачиваются государством в размере 7 285,9 тенге, то есть 2% от среднемесячной заработной платы, предоставляющей деум годом текущего финансового года. Это говорит о высоком уровне социальной ответственности государства.

О новых мерах государственной поддержки рассказал и руководитель управления здравоохранения области Жетісу Асқар Садықов.

Так, в рамках принятого закона в 2026 году системой ОСМС за счет средств местных бюджетов дополнительно будут охвачены около 1 миллиона человек по стране с кризисным и экстренным уровнем благополучия (категории Д и Е).

Это значит, что еще 5% граждан РК с низкими доходами получат доступ к плановой медицинской помощи за счет ОСМС.

«На сегодня в Жетісу более 117 тысяч человек остаются незастрахованными в системе ОСМС. Из них около 82 тысячи граждан с благополучным и удовлетворительным уровнем жизни, а 35 тысяч — это граждане, относящиеся к кризисным и экстренным уровням социального благополучия. За данные категории населения взносы будут возложены на местные

Бұрынғы өткен заманда бір патша болыпты. Патшаның үш ұлы һәм бір өте үлкен бақшасы бар екен. Ондай бақша ол заманда дүние жүзінде еш патшалықта болмаған. Егер бұл бақшаға қайғылы ма, ауру ма кісі кірсе, қайғылы кісінің қайғысы кетіп, ауру кісі ауруынан саламат болып шығаратын еді. Бұл бақшада неше түрлі жемістер бар еді. Патша бақшасындағы осы жеміс ағаштарының, ішінен биік өскен бір алма ағашын жан-тәнімен өте жақсы көреді екен. Ол ағашта өскен бір алманың біреуі алтынға, біреуі күміске яғни әр түрлі түске айналып тұрады екен.

Бір замандарда бұл бақшаның бір алтын құс иеленіп алыпты. Алтын құстың әрбір жүні алтын секілді жалт-жұлт етіп тұрған һәм көзі гауһар секілді ойнап тұрған. Бұл құс әр күні түнімен бұл патшаның бақшасына ұшып келіп қонады екен.Әлгі патшаның сүйікті алма ағашының бір алмасын шұқып, басқасын теуіп түсіріп кетеді екен. Күндердің бір күнінде патша бақшасын аралап алма ағашынан алмасын қараса, алтын секілді жақсы алмасы аз қалған екен.

Патша бұл істі көріп қапа болған, қайғыра бастаған. Бір күні патша өзінің үш ұлын ша-қырып айтқан. — Әй, әзиз ұлдарым, қайсыларыңның қолдарыңнан келеді, бақшаға келіп жүретін алтын құсты маған тірідей ұстап беруге. Қайсысың ұстасаң өзім тірі кезде жарты уақытымда барлық патшалығымды өсиет етіп қалдырамын,— дейді. Осы сөзді патшадан ұлдары естіп: «Қайғырмаңыз, не қылсақта ұстармыз»,— дейді Бұлар кезек-кезекпен бақшаға қарауылға тұра бастады. Әуелі үлкен ұлы бақшаға барып, түнде қарауылға тұрады. Түннің бір уағына дейін алма ағашының түбінде отырады да, шаршап патша ұлы ұйықтап кетеді. Сол арада алтын құс келіп алмаларын қиып, бір алмасын алып кетеді. Патша ұлы оянып қараса, алмалары қиылған, бір алмасы жоқ. Ертеңгісін патша тұрып, үлкен ұлын шақыртып: «Ей, сүйікті ұлым, алтын құсты көрдің бе?»—деген. Ұлы жауап берген, мансап қылып айтқан: «Ей, ғазиз ата, көрмедім»,— деген. Екінші күні қарауылға екінші ұлы кеткен. Әлгі алма ағашы түбіне барып отырған. Біраздан соң ол да ұйықтап кеткен. Сол арада құс келіп алманы қиып, бір алмасын алып кеткен. Ертеңгісі патша ұлын шақыртқан. Үлкен ұлы секілді жауап берген. Үшінші ұлына кезек келіп, үшінші ұлы бақшаға барып алма ағашы түбінде еш ұйықтамаған. Біраздан соң бақшаға от секілді жалт жалт етіп құс келіп, айналына күндізгідей жарық қылып алма ағашына келіп қонған да алмаларды қия бастаған. Патшаның ұлы айла қылып құйрығынан ұстаған. Бірақ дұрыстап ұстай алмай қалған, алтын құс олай-бұлай етіп ұшып кеткен.

Патша ұлының қолында жалғыз ғана бір қауырсын қалған. Патша тұрған, ұлын шақыртқан, ұлы әлгі қауырсынды алып барып атасына берген. Патша қайран қалып тіпті қанған. Өйткені ол қауырсын қараңғы түнді күндізге айналдырған. Патша осы қауырсынды өзі отыратұғын үйге қойған. Бұл оқиғадан соң алтын құс бақшаға тіпті келмеген. Көп уақыт өткен соң патша жанына ұлдарын шақырып айтқан: «Ей, менің сүйікті ұлдарым, не болса да сол алтын құсты тірідей ұстап әкелгендеріңе бұрынғы айтқан өсиетімді орындаймын»,— дейді. Сол арада үлкен ұлы мен ортаншы ұлы атасынан рұқсат сұрап һәм дұғасын алып алтын құсты іздеп шығып кеткен. Ағалары шығып кеткен соң патшаның кіші ұлы атасына жалына бастады: «Ай, ата, мені де жібер іздеуге». Атасы айтқан: «Сүйікті ұлым, сен жас баласың, ұзақ жолға жүріп көрмегенсің межелі жерге әлі ағаларың бармаған да болар»,— деген. Күн сайын, сағат сайын кіші ұлы атасынан өтініп тілеген: Не болса да батаңызды беріп, рұқсат етіңіз»,— деп. Ақыры патша кіші ұлын жібермесе болмайтын бо-

АЛТЫН ҚҰС ПЕН СҰР ҚАСҚЫР

лады. Атасы көп қайыр дұға қылып, кіші ұлы бір атқа мініп жолға шығып кеткен. Бара-бара өзі де қай жаққа барғанын білмеген. Кетіп бара жатып ойлай бастаған: «Алыс па екен, жақын ба екен, биік пе екен, ала-са ма екен?» Жүріп барып бір жерге жеткен. Ол бір жақсы саха-тра — жасыл шөпті, бұлақтар ағып тұрған. Ертеңіне тағы бір кеш жүрген алдынан тақыр шөл кездескен. Біраз демін алған соң әлгі тақыр шөлден кеткен. Біраз барған соң бір биік ағашты көреді. Ағашқа жазылған жазу бар екен. Жазуды оқыпты. Ағашқа жазылған сөздер: «Осы ағаш жанында үш жол бар: оңға ,солға, тура. Тура жолмен кетсе, ол кісі аш-жалаңаш болып аман қалады. Оң жақтағы жолға түссең, аты болса аты өліп, өзі аман қалады. Ағаштан сол жаққа кетсе, ол кісі өліп, аты қатар»,— деп жазылған. Патшаның ұлының ағаштан оң жаққа қараған жолға түсіп жүріп кеткен. Патша ұлы ойлаған «атым өлсе, өзім қалсам мал табылар» деп бір күн жүрген, екі күн жүрген. Үшінші күн болғанда бұған бір жақтан келіп бір сұр қасқыр жолықты. Бұл сұр қасқыр тілге келіп айтты: «Ей, жас жігіт, сен әулиесің. Ағаштағы жазуды көргенсің. Онда жазған оң тарапқа кетсең атың басы жоғалады»,— деп, сол арада бұл баланың атын бір шетке алып барып жей бастаған. Патшаның баласы атынан айрылған соң өзімен бірге туған туысқанынан айрылған секілді шетке барып жылай бастаған. Біраздан соң жаяулап кетті. Бір күн, бір түн жүріп бала мүлде шаршады. Біраз демін алуға отырды. Сол арада артынан сұр қасқыр шауып келіп оны қуып жетіп баладан сұрай бастады: «Әй, патшаның ұлы, сен не жұмыспен жүрсің, жұмысыңды маған айт»—дейді.

Патша ұлы жұмысының бәрін сұр қасқырға айтады. Сұр қасқыр: «Менің үстіме мін»,— дейді. Бала мінді, қасқыр жүгіріп кетті. Сонда шапшаң жүруі соншалық шапшаң ат болса да қасқыр артынан жетерлік емес. Бара-бара күн кеш болды. Күн кеш болған соң бұлар келіп бір тас жолға жетті. Ол тас жол биік екен. Сұр қасқыр айтты: «Уақыт жетті, түс менің үстімнен. Осы тас жолға өрмелеп шық. Осы жолдан түскен соң бір бақша көрерсің. Сол бақшада бір алтын қапас ішінде болады алтын құс. Аларсың, бірақ қапасқа тиме. Егерде қапасқа тисең өлесің. Неге десең сол сәтте қарауылшыларға хабар тиіп ол бақшадан шыға алмай қаласың. Сол сағатта сені ұстап алады»,— дейді. Патша ұлы жол бойымен өрмелеп шығып бақшаға кірді де алтын құсты көрді. Қапастан алып шыға бастағанда патша ұлына ой түсті. Өз-өзіне айтты: «Алтын қапассыз құсты алып жүру қиын болар»,— деп. Қайта барып алтын қапасты шешіп алам деп қапасты шеше бастағанда бақшаның іші суға толып кетті. Қапасты байлаған жерде темір шыбықтың бір басы патшаның уйіне кірген екен. Ең басына үлкен қоңырау байлаған екен. Ол қоңыраудың сылдыраған даусымен қарауылшылар бұл жігітті келіп ұстайды. Алтын құстың иесі ол жердің патшасы Алматхан атты хан екен. Алмат патша өте ашушаң кісі екен. Бұл патша балаға қатты ашуланып: «Ұят емес пе саған осындай іс істеп жүруің., Өзің қандай адамсың. Қай патшаның еліненсің, атың кім»,— дейді. Жігіт қорқып кетіп: «Мен Хикмет деген патшаның ұлымын. Менің атым Фәрмұч»,— дейді. Алмат жігіттен сұрайды: «Сен мұнда неге келдің»,— дейді. Фәрмұч былай деп жауап береді: «Біздің патшамыздың бақшасын бір алтын құс иеленіп алған еді. Күн



сайын түнде келіп бақшамыздағы алма ағашынан алма қиятын еді және бір алма алып кететін еді. Сол үшін оны ұстап әкелуге мені атам жіберді»,— дейді. Алмат патша айтты: «Ей, жас жігіт, өзің патша ұлы бола тұрып бұл іс саған жараспайды»,— дейді. Жігіт айтды: «Егер осы алтын құсты ұстап әкелсем атам орнына патша етіп қоямын деген. Сол үшін келдім»,— деді. Алмат айтты: «Сен ондай болса, жақсылықпен сұрасаң бір ауыз сөз сөйлемей берер едім. Жақсы бола ма, сенің осы ісінді бірнеше ағыламнама жаздырып әрбір жерге таратсам. Тек сенің жастығыңды ескеріп сені құтқарамын һәм көп мал беремін, маған сен бір қызмет көрсетсең. Ол қызмет — бөлен деген үшінші патша мемлекетінде бір алтын жалды ат бар, ол мемлекет осы шаһардан мың шақырым жерде, бір биік үлкен теңіз артында, егер сен маған сол алтын жалды атты тауып әкелсең саған бір сөз айтпай осы алтын құсты жаным-тәніммен беремін. Егер осы қызметті қылмасаң қарақ атыңды бүкіл дүнияға таратамын»,— дейді. Бұл жігіт Алмат патшаға атты тауып келмекші болып бас иіп шығып кетеді. Қасқыр жанына келген жігіт, сұр қасқырға басынан өткен істерінің бәрін айтып береді. Қасқыр айтты: «Әй, жігіт, менің айтқанымды неге тындамадың. Неге алдың алтын қапасты»,— дейді. Патша ұлы қасқырға: «Сенің алдыңда айыптымын»,— дейді. Қасқыр айтады: «Қайыр, құдайдың ісі шығар, енді сен менің үстіме мін, кайда барсаң мен сені сонда алып барамын»,— дейді. Патша ұлы қасқырдың желкесіне мінеді. Сұр қасқыр атқан оқ секілді шабады.

Біраз уақыттан соң патша айтқан мемлекетке де түнде барып жеткен. Нақ түн ортасында ақ тастан істеген албардың қасына келеді. Қасқыр жігітке: «Бар, тез осы албарға кір, қазір қарауылшылар ұйықтаған соң атты, яғни, алтын жалды атты алып шық. Бірақ дуалда алтын жүген болар, оған тиме, егер тисең өлесің»,— дейді. Патша ұлы албарға кіреді. Атты алды. Сол арада жігіттің көзі дуалдағы алтын жүгенге түсті, жігіт жүгенге қатты қызықты.

Алғысы келіп алғанда албар шушу ете қалып қарауылшылар оянып, албарға кіріп, патша ұлын ұстап патшаның алдына кіргізді. Патша жігіттен сұрай бастайды: «Қай елденсің һәм қандай адамның ұлысың»,— дейді. Патша ұлы қандай кісі ұлы екенін бәрін айтты. Патша жігітке: «Саған мұндай іс істеу жарайма, өзің бір патшаның ұлы екенсің, қайыр, бұл күнәнді кешемін, маған бір қызмет істесең. Қызмет — сол бір мемлекетте бір патша бар, оның бір сұлу қызы бар, неше жылдар мен жаушы жібердім, ғашық болдым, қызын маған берсін деп, ол маған қызын бермеді, егер сол қызды әкеліп берсең барлық күнәнді кешемін. Егер әкелмесең ұрлығыңды әр мемлекетке жазу жазып таратамын һәм ұрлығыңды әр-бір кісі біліп мазәк қылар. Егер осы істі орындасаң алтын жалды атты, алтын жүгенді өз ықтиярыммен саған беремін. Егер сен бастан жақсылықпен сұрасаң, жақсы деп бір ауыз сөз айтпай беруші едім»,— дейді. Патша ұлы көп уақыт ойланып тұрды да сонан соң уәде беріп, қызды әкелмек болып жылай-жылай сұр қасқырдың жанына келді. Бастан аяқ қасқырға қай-күйін айта-тды. Қасқыр айт-

ты: «Неге айтқан сөзді тындамадың, неге тидің ол алтын жүгенге»,— дейді. Жігіт: «Айып менде, құдай солай мені бастады»,— дейді. Қасқыр айтты: «Жарайды, болары болды енді. Жүр, менің үстіме мін, кайда болса да мен сені сонда алып барамын»,— деді.

Қасқыр өте қатты шапқан, сөйлеуге хал жоқ. Біраз уақыт өткен соң әлгі қыз еліне барып жетті., Шаһары алтын дуалмен айналдырған, ішінде бақша. Сұр қасқыр жігітке: «Түс үстімнен һәм аллаға тапсырып бар. Біз келген жолмен қайтып жол үстіндегі өмен ағаш түбінде мені күтіп тұр»,— дейді. Патша ұлы қасқыр айтқандай барып өмен түбінде күтіп тұрады. Сұр қасқыр алтын дуалдың жанына барып бұғып тұрады. Патша қызы бақшаға шыққан. Күн батқан соң өзінің бірге жүретін қыздарымен патша қызы жүре-жүре сұр қасқыр жанына бірақ келген. Сол арада сұр қасқыр дуал үстінен секіріп түсіп, патша қызын көтеріп алып желкесіне салып, секіріп шықты да шауып кетті. Өте қатты шабумен біраз уақыттан соң өзі айтқан жасыл өмен түбіне келіп жетті. Патша ұлын да қызбен бірге арқасына мінгізіп алды. Қасқыр патша қызын алып кеткен соң, жанында бірге жүрген қыздар патшаға келіп айтты. Патша бұл сөзді естіген соң жүйрік атпен қасқыр артынан қууға шықты. Бірақ қасқыр артынан жете алмады. Сұр қасқыр үстіндегі патша қызы мен патша ұлы бір-біріне ғашық болып қалады. Қызды олар алып кел деген патшаға жақындайды. Жігіт қайғыра бастады һәм қызды патшаға бергісі келмей жігіттің көзінен жастары домалап-домалап түсе бастады. Жігіттің мұндай болғанын сұр қасқыр көріп жігітке: «Неге қайғырасың»,— дейді. Жігіт сұр қасқырға: «Ой, жан досым, сұр қасқыр, неге жыламайын, мен не қылам, тәнім, жаным, қаныммен бұл патша қызына ғашық болдым. Онан бір сәтке айрылып тұруға халім жоқ. Патшаға айтсам қызды бермейді. Басқадай халім жоқ, егер алтын жалды ат үшін бермесем менің уәдесіз атым әр жаққа жайылады.

Осы істер үшін қатты қайғырам, қасқыр досым»,— деп жауап береді. Сұр қасқыр: «Ей, жігіт, мен саған көп қызмет еттім тағы бір қызмет көрсетейін. Мен қазір сол қыз болайын. Мені патша жанына алып барып алтын жалды атты ал да алысқа кет. Мен біраз уақыт өткен соң патшадан далаға шығып жүруге сұранамын. Ол мені өзінің бағушы қыздарымен жіберер сол уақытта мен сенің жанында боламын»,— дейді. Осы сөздерді сұр қасқыр айтады да көзді ашып -жұмғанша патша қызы болады. Тіпті айыарлық болмады. Жігіт әуелі қызға пәлен жерге барып тұр деп, қыз болған қасқырды жетектеп патша жанына кіреді.

Патша көрген соң жаны тәнімен қуанғаннан не істерін білмейді., Шаттанып өтірік қыз болған қасқырды алады да һәм алтын жалды атты жігітке береді. Жігіт қатты қуанып алтын жалды атқа мініп, өзі ғашық болған қыз жанына барып өз қасына міндіріп бірге кетеді. Патша жанында сұр қасқыр патша қызы болып бір күн тұрды, үш күн тұрды. Төртінші күн сұр қасқыр патшадан далаға шығып жүруге рұқсат сұрады. Патша: «Мен сені жүруге неге шығармайын, жаным, сен үшін жаным құрбан болсын», деп өзінің қызметкер қыздары-мен далаға шығуға рұқсат берді. Бір-біріне әбден ғашық болған жігіт пен патша қызы бостандыққа шыққан соң аз ғана уақыттан кейін сұр қасқырды ұмытады. Сол арада жігіттің есіне жан досы сұр қасқыр түседі. «Менің жан досым сұр қасқыр қайда екен» дегенде сол арада олардың көзіне сұр қасқыр көрінді. Сұр қасқыр келіп

амандасып хал ахуал сұрап, жігіт пен қыз сұр қасқырға мінеді. Алтын жалды атты бұлар өздерімен бірге ертіп кетеді. «Алтын жалды атты алып кел» деген патшаға жетуге аз қалғанда бұлар бір жерге тоқтайды. Жігіт сұр қасқырға жалынады: «Сұр қасқырым, сен маған көп қызмет қылдың, рақмет, алла разы болсын. Енді тағы бір қызмет қылсаң мұнан соң өтініш айтпас едім. Бұл алтын жалды атқа өте қатты бауыр басып қалдым тіпті айрылғым келмейді»,— дейді.

Сұр қасқыр «болады» деп, жерге аунап алтын жалды ат болады. Жігіт сұлу қызы мен алтын жалды атын қалдырып, өзі алтын жалды ат болған сұр қасқырды мініп патшаға келеді. Патша бұларды көріп қатты қуанып шат болады. Қарсы алдына шығып жігіттің қолын сүйіп өзінің салтанатты үйіне алып кіреді Жігіттің құрметіне үлкен ас береді. Ертеңіне жігіт өзінің еліне қайтатын уақыты болғанын патшаға ескертеді. Патша бұған «жарайды» деп, алтын құс пен алтын қапасты шаттанып беріп жібереді. Жігіт бұларды алып қаладан шығып кетті және өзінің сұлу қызының жанына барды. Екеуі алтын жалды атқа мініп һәм алтын құс пен алтын қапасты алып кетті. Бір күн өткен соң баяғы патша өзінің жалған алтын жалды атын ерттеп аңға шықпақшы болып қызметшілеріне ерттетеді. Патша мініп шығып кетті. Патша алтын жалды атты ұра бастаған еді. Ашуланып алтын жалды ат сұр қасқыр болды. Патшаны үстінен жығып түсіреді. Өзі шауып кетеді. Сұр қасқыр шауып отырып алтын жалдыға мініп кеткен жігіт пен шын патша қызы артынан жетті.

Сұр қасқырға жігіт мініп, қыз алтын жалды атқа мінеді. Сөйтіп бұлар сұр қасқыр жігіттің атын жеген жерге жетіп тоқтайды. Сұр қасқыр: «Мен саған шын ықыласыммен көп қызмет еттім. Осы орында сенің атыңды жемдім, сол орыға жеткіздім. Енді менің үстімнен түс. Мін өзіңнің алтын жалды атыңа және қайда барсаң сонда бар. Хош-сау бол»,— дейді. Патша ұлы сұр қасқырмен жылап айрылады. Бұлар өз жолымен кетеді. Күн өте қатты ыстық болады. Өздерінің шаһарларына аз жер қалғанда бір ағаш түбіне дем алму үшін жатады. Алтын жалды атты сол ағашқа байлап қойған. Алтын құсты алтын қапасымен өздерінің бас жағына қойып, өздері жұмсақ шөптің үстіне жатқан. Сөйлесе-сөйлесе бұлар жігіттің екі ағасы алтын құсты іздеп кеткен жерлерінен бос қайтып келе жатыр екен. Інісі жатқан жерге келіп жеткен ағалары алтын құс пен алтын қапасты көріп қатты қызықты. Өзінің інісін өлтірмекші болып, бір ағасы қанжарын қынабынан шығарып інісінің ішін жарып тастайды.

Патша қызын оятып одан аты-жөнін, қай жерден екендігін сұрады Патша қызы өзінің ғашық болған жігітінің қанжармен жарылып жатқанын көріп өте қатты жылай бастайды һәм айтады: «Мен сондай деген патшаның қызымын. Мені әкелген сіздің ініің Оны ұйықтаған уақытта қайсыңыз өлтірдіңіз. Бұл батырлық емес қой. Егер сіздер оны ояу уақытында өлтірген болсаңыз, ол уақытта бір сөз болмас еді»,— дейді.

Екі ағасы қыздың сөзін керек те қылмайды. Алтын жалды атты, алтын құсты, қызды бәрін алып шаһарына келеді. Үлкен той жасап хан қызды үлкен баласына қоспақ болады. Қыз ханға: Арызым бар, соны айтқасын қосыңыз», дейді. Хан: — Қандай арыз, айт,— дейді. Қыз бастан-аяқ көргендерін баян етеді. Хан нанарын да, нағбасын да білмей сол арада дереу кіші баласының өлігіне кісі аттандырады. Кісілер барса, басында бір сұр қасқыр хан баласының жараларын жалап жазып, тірілтіп алып отыр екен. Келгендер жылап көріседі. Қасқырмен хош айтысады. Біреулері сүйінші сұрап ханға қайта шабады, Шаһарға келген соң әкесімен көрісіп, екі ағасын хан малға құл қылып қояды. Мына баласына хан сүйікті қызын қосып, отыз күн ойын, қырық күн тойын істеп, өз орнына хан қойыпты.

Ертегілер әлемі

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ («ҰАТ» АҚ) сүйемелдейтін жобалардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында жо-спарлы техникалық жұмыстар жүргізілетіні туралы хабарлайды. Жұмыстар «ҰАТ» АҚ жобаларының бүкіл цифрлық экожүйесінің қолжетімділігіне әсер етеді.

Техникалық жұмыстар 2025 жылғы 19 шілде сағат 02:00-ден 08:00-ге дейін жүргізіледі. Уақыт аралығы пайдаланушылардың ең аз белсенділігі ескеріле отырып таңдалды, бұл мүмкін болатын қолайсыздықтарды барынша азайтуға мүмкіндік береді.

Осы кезеңде келесі мемлекеттік электрондық сервистердің жұмысы уақытша шектеледі:

- eGov.kz порталы мен eGov mobile мобильді қосымшасы («Цифрлық құжаттар» сервисін қоса алғанда);
- e-Otinish, E-license порталдары және Ашық үкімет жүйелері;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы (ҰКО) сервистері;
- «ҰАТ» АҚ сүйемелдейтін өзге де жобалар;
- Электрондық үкімет шлюзі арқылы интеграцияланған екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшаларындағы және басқа жүйелердегі мемлекеттік қызмет көрсету сервистері.

Осыған байланысты, «ҰАТ» АҚ барлық қажетті операцияларды ал-дын ала аяқтауды және техникалық жұмыстар кезінде құжаттарды ұсыну қажет болған жағдайда олардың түпнұсқаларын дайындауды ұсынады.

Түсіністік танытқаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Қосымша ақпарат алу үшін мында хабарласуыңызды сұраймыз: «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті	Жайна Сейдахмет +7 778 602 26 26 press@nitec.kz; www.nitec.kz
---	--

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

АО «Национальные информационные технологии» (АО «НИТ») информиру-ет о проведении плановых технических работ, направленных на обеспече-ние бесперебойной работы проектов, сопровождаемых компанией. Работы затрагивают доступность всей цифровой экосистемы проектов АО «НИТ».

Технические работы запланированы 19 июля 2025 года в период с 02:00 до 08:00. Временной промежуток выбран с учетом минимальной пользователь-ской активности, чтобы снизить возможные неудобства.

В указанный период будет временно ограничен доступ к следующим госу-дарственным электронным сервисам:

- Портал eGov.kz и мобильное приложение eGov mobile (включая сервис «Цифровые документы»);
- Порталы e-Otinish, E-license, а также системы Открытого правитель-ства;
- Сервисы Национального удостоверяющего центра Республики Казахстан (НУЦ РК);
- Другие проекты, сопровождаемые АО «НИТ»;
- Сервисы государственных услуг в мобильных приложениях банков вто-рого уровня и других системах, интегрированных через шлюз электронного правительства.

Для предотвращения возможных неудобств АО «НИТ» рекомендует зара-нее завершить все необходимые операции и подготовить оригиналы доку-ментов, если их предъявление потребуется в период проведения техниче-ских работ.Благодарим за понимание!

За дополнительной информацией просим обращаться:
Управление по связям с общественностью АО «НИТ»

Жайна Сейдахмет
+7 778 602 26 26
press@nitec.kz;
www.nitec.kz

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ӘСКЕРИ ОҚУ ОРЫНДАРЫНА ҚАЙТА ҚАБЫЛДАУ ҚЫЗМЕТІ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Енді әскери оқу орнына қайта қабылдануға өтінішті смартфон арқылы беруге болады. eGov Mobile мобильді қосымшасында «Қазақстан Ре-спубликасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдау» қызметі қолжетімді болды. Бұған дейін бұл қызмет eGov.kz порталында ұсынылатын.

Қызмет кемінде бір семестр білім алған әскери оқу орындарының бұрынғы курсанттарына арналған. Өтініш цифрлық формат-та қалыптастырылады, ал қажетті деректердің басым бөлігі мемлекеттік ақпараттық жүйелерден автоматты түрде жүктеледі. Бұл процессті барынша оңай әрі ыңғайлы етеді. Алайда өтінішті оқудан шығарылған сәттен бастап бір жыл ішінде ғана беруге болатынын ескеру қажет.

Қызметті пайдалану үшін:

- eGov Mobile мобильді қосымшасында авторизациядан өту қажет;
- «Қызметтер» – «Әскери есепке алу» бөліміне өту керек;
- «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орын-дарына қайта қабылдау» қызметін таңдау қажет;
- оқу орны мен оқудан шығарылған мерзім туралы ақпаратты көрсету;
- жеке деректерді өңдеуге келісім беру;
- қажетті құжаттарды жүктеу керек;
- ЭЦҚ немесе баламалы тәсілдер арқылы өтінішке қол қою қажет.

Қызмет тегін ұсынылады, көрсету мерзімі – 20 жұмыс күні. Өтінішті қарау нәтижесі «Жеке кабинет тарихы» бөлімінде қолжетімді болады. Егер қайта қабылдануға мүмкіндік болмаса, қолданушы дәлелді бас тарту туралы жауап алады.

Айта кету керек, «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына қайта қабылдану» қызметі eGov.kz порталын-да да қолжетімді.

Жаңарту ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Қорғаныс министрлігінің бірлескен жұмысы нәтижесінде іске қосылды.

Қосымша ақпарат алу үшін мында хабарласуыңызды сұраймыз: «ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті	Жайна Сейдахмет +7 778 602 26 26 press@nitec.kz; www.nitec.kz
---	--

КӘСІБИ СЫРҚАТТАНУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Қазіргі заманғы өндірістік орта мен еңбек жағдайлары адам ағзасына әртүрлі зиянды әсерлермен ерекшеленеді. Бұл әсерлердің салдарынан кәсіптік қызмет барысында туындайтын сырқаттар саны жылдан жылға артып келеді. Кәсіби аурулар (occupational diseases) – бұл жұмыс процесінде ұзақ уақыт бойы зиянды өндірістік факторлардың ықпалымен туындайтын патологиялық жағдайлар.

Кәсіби сырқаттанушылық мәселесі тек жеке адамның денсаулығына ғана емес, сонымен қатар қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіне, еңбек өнімділігіне және экономикалық шығындарға да әсер етеді. Осыған байланысты кәсіби аурулардың алдын алу — профилактикалық медицинаның маңызды бағыттарының бірі.

Кәсіби аурулардың негізгі түрлері

Медициналық практикада ең жиі кездесетін кәсіби аурулар мыналар:

- Шаң-тозаңмен байланысты аурулар (мысалы, силикоз, асбестоз);
- Химиялық заттардың әсерінен болатын аурулар (уланулар, тері аурулары);
- Физикалық факторлар әсерінен туындайтын патологиялар (шу, діріл, электромагниттік сәулелену);
- Биологиялық факторлармен байланысты аурулар (медициналық қызметкерлер арасында В және С гепатиті, туберкулез);
- Психозмоционалдық жүктеме нәтижесінде туындайтын аурулар (невроздар, күйзеліс, жүрек-қан та-мыр жүйесінің бұзылыстары);
- Мұрын-жұтқыншақ, көз, омыртқа жүйесі мен тірек-қимыл аппаратына қатысты аурулар (мысалы, мойын остеохондрозы, варикоз, туннельдік синдром).

Кәсіби сырқаттанушылықтың алдын алу шаралары

1. Медициналық профилактика

Алдын ала медициналық тексерулер — қызметкер жұмысқа қабылданар алдында кәсіби жарамдылығы анықталады.

Мерзімді медициналық тексерулер — кәсіби зияндылығы бар жұмысшылар жыл сайын немесе әр 6 ай сайын тексерістен өтуі тиіс.

Диспансерлік бақылау — кәсіби қауіп-қатері жоғары тұлғаларда ауруларды ерте анықтау мен емдеу мақсатында жүзеге асырылады.

Вакцинопрофилактика — жұқпалы кәсіби аурулардың (мысалы, В гепатиті) алдын алу үшін.

2. Гигиеналық және санитарлық шаралар

Жұмыс орнында өндірістік гигиена нормаларын сақтау (таза ауа, жарық, температуралық режим). Жеке қорғаныс құралдарын (ЖҚҚ) қолдану: респиратор, қолғап, көзілдірік, арнайы киім.

Техникалық регламенттерге сай құрал-жабдықтарды пайдалану, шу және дірілді төмендету шаралары. Жұмыс кестесін дұрыс ұйымдастыру (үзілістер, ауысым ұзақтығы).

3. Ақпараттық және оқыту шаралары

Қызметкерлерге кәсіби зиянды факторлар туралы түсіндіру жұмыстары;

Қауіпсіз еңбек дағдыларын қалыптастыру бойынша семинарлар, тренингтер өткізу;

Еңбек гигиенасы және кәсіби патология тақырыбында үздіксіз білім беру.

Медициналық қызметтің рөлі

Кәсіптік патологияны ерте анықтау мен алдын алуда еңбек гигиенистері, кәсіби патология дәрігерлері, терапевттер және зиянды өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлерге қызмет көрсететін медициналық мекемелердің маңызы зор.

Еңбекке уақытша немесе тұрақты жарамсыздық жағдайларында дұрыс диагноз қойылып, қажетті емдеу-сауықтыру шаралары жүргізілуі тиіс. Бұл үшін еңбек медицинасы саласындағы заманауи скринингтік және диагностикалық әдістер кеңінен қолданылады.

Қорытынды

Кәсіби сырқаттанушылық — адам денсаулығы мен өмір сапасына тікелей әсер ететін маңызды медициналық-әлеуметтік мәселе. Аурудың алдын алу — кешенді әрі үздіксіз процесс. Ол жұмыс беруші мен қызметкердің, медициналық қызмет пен санитарлық-эпидемиологиялық бақылау органдарының өзара тығыз әрекеттестігін талап етеді.

Дұрыс ұйымдастырылған алдын алу шаралары қызметкердің өмір сүру ұзақтығын арттырып қана қоймай, жалпы ұлт денсаулығын нығайтуға ықпал етеді.

А.КАСЫМХАНОВА,

Ескелді аудандық СЭББ бас маманы

ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ: ҚАУІПСІЗДІКТІҢ ҚАРАПАЙЫМ ЕРЕЖЕЛЕРІ



Жаз мезгілінің келуімен еліміздің су айдындарында шомылу ма-усымы басталады. Алайда, де-малыс пен сергітудің бұл түрі кей жағдайда денсаулыққа зиян келтіріп, түрлі жұқпалы ауруларға себеп болуы мүмкін. Сондықтан санитариялық талаптарды сақтау — әр азаматтың жеке қауіпсіздігі мен қоғам денсаулығын қорғаудың басты шарты.

Қауіпсіздік пен санитариялық талаптарды сақтау үшін мына-дай қарапайым ережелерді ұстану қажет:

-Тек рұқсат етілген, ресми суға түсу орындарын таңдаңыз.

С а н и т а р и я л ы қ - эпидемиологиялық талаптарға сай келмейтін, өзен-көлдердің

ластанған аумақтарында шомылуға қатаң тыйым салынады. Бұл жерлерде ішек инфекциялары (ди-зентерия, сальмонеллез), тері аурулары және паразиттік жұқпалар (описторхоз, лямблиоз) жұғу қаупі жоғары.

-Суға түспес бұрын су температурасына назар аударыңыз.

Қолайлы температура — +18°С-тан жоғары. Суық суда ұзақ шомылу тыныс алу жолдарының, жүрек-қан тамыр және жүйке жүйесінің ауруларына әкелуі мүмкін.

-Жеке гигиенаны қатаң сақтаңыз.

Суға түскеннен кейін міндетті түрде таза сумен жуынып, денені құрғатып сүртіңіз. Тамақ ішер алдын-да қолды сабынмен жуу — ішек инфекцияларының алдын алудың тиімді жолы.

-Балаларды қараусыз қалдырмаңыз.

Балалар ересектердің бақылауынсыз суға түспеуі тиіс. Сонымен қатар, оларға су жұтудан, ойнау кезінде суға батып кетуден сақ болу туралы түсіндіру қажет.

-Су айдындарын ластамаңыз.

Қоқыс, пластик қалдықтар, гигиеналық заттарды суға тастау — қоршаған ортаны ластап қана қоймай, жұқпалы аурулардың таралуына жол ашады.

-Алкоголь ішіп суға түспеңіз.

Алкоголь адамның реакциясын баяулатып, өз-өзін бақылау қабілетін төмендетеді. Бұл — судағы жаза-тайым оқиғалардың басты себептерінің бірі.

ЕСКЕРТУ!

Су айдындарының санитариялық жай-күйі үнемі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдарының назарында. Рұқсат етілмеген жерлерде шомылу — денсаулыққа үлкен қауіп төндіретінін ескертеміз.

Қорытынды:

Демалыстың қауіпсіз әрі пайдалы өтуі әр азаматтың саналы әрекетіне байланысты. Жоғарыда аталған қарапайым ережелерді сақтау — тек өз денсаулығыңызды емес, жақындарыңыздың қауіпсіздігін де қамтамасыз етеді.

Құрметпен, Ескелді аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

А.КАСЫМХАНОВА,

Ескелді аудандық СЭББ бас маманы

ЧТО ТАКОЕ АУТИЗМ У РЕБЕНКА ПРОСТЫМИ СЛОВАМИ

Аутизм у детей — это сложное и многогранное состояние, которое относится к расстройствам аутистического спектра (РАС). Это состояние оказывает влияние на поведение, общение и социальное взаимодействие ребенка. Диагноз «аутизм» охватывает широкий спектр симптомов и проявлений, от легких до тяжелых форм.

Что такое аутизм у ребенка простыми словами?

Аутизм у детей — это неврологическое нарушение, при котором ребенок сталкивается с трудностями в общении, восприятии окружающего мира и построении социальных взаимодействий. Это состояние относится к расстройствам аутистического спектра (РАС), где симптомы и их выраженность могут значительно различаться. У детей с аутизмом часто наблюдаются такие особенности, как стереотипия — повторяющиеся движения или действия, например, раскачивание, хлопанье руками или поворот головы.

Простыми словами, аутизм у детей — это болезнь, которая делает ребенка менее адаптированным к жизни в социуме. Такие дети могут по-другому воспринимать звуки, образы, прикосновения или даже собственные эмоции. Первые признаки иногда становятся заметны уже до года, но чаще выявляются в возрасте 2–3 лет.

Основные особенности аутизма

Нарушение общения. Дети с аутизмом могут избегать зрительного контакта, не откликаться на свое имя, не проявлять интереса к взаимодействию с другими людьми. Иногда у них наблюдается отсутствие речи или её значительная задержка. Даже если речь развивается, ребенок может не использовать её для общения, предпочитая одиночество.

Проблемы с игрой и развитием мелкой моторики. Многие дети ис-

пытывают трудности с выполнением мелких движений, таких как застегивание пуговиц, лепка или рисование. Игровое поведение часто ограничивается одними и теми же действиями: к примеру, ребенок может часами крутить колесо игрушечной машины вместо того, чтобы катать её.

Стереотипное поведение. У ребенка могут быть строгие ритуалы: он настаивает на определенном порядке действий или объектов. Любое изменение рутины вызывает сильный стресс.

Привязанность к рутине. Для детей с аутизмом привычный распорядок дня или повторяющиеся действия являются зоной комфорта. Нарушение этой предсказуемости может привести к вспышкам раздражения или даже панике.

Аутизм у детей — это состояние, которое требует особого подхода. Ранняя диагностика и поддержка специалистов помогают ребенку адаптироваться, раскрыть его потенциал и облегчить взаимодействие с окружающим миром.

Признаки аутизма у детей

Признаки аутизма у детей могут быть разнообразными и зависят от возраста, формы заболевания и степени его проявления. Некоторые симптомы заметны уже в первые месяцы жизни, в то время как другие становятся очевидными позже. Ранняя диагностика и понимание признаков помогают своевременно начать коррекцию состояния.

Признаки аутизма у детей до года

На самых ранних этапах развития признаки аутизма у детей до года могут быть едва заметными, но внимательные родители обращают внимание на следующие особенности:

Отсутствие реакции на имя. Даже в возрасте 6–12 месяцев ребенок не откликается на свое имя, как это делают его сверстники.

Слабая мимика и эмоциональная отдача. Улыбка появляется редко,

ребенок не показывает радости или других эмоций при общении с близкими.

Нежелание устанавливать зрительный контакт. Это один из самых ранних и устойчивых симптомов. Малыш может избегать смотреть в глаза родителям или другим людям.

Такие первые признаки аутизма у детей могут быть знакомом о необходимости консультации специалиста.

Признаки у детей старше года

После года признаки аутизма у детей становятся более выраженными, особенно в области общения и поведения:

Стереотипия. Ребенок может повторять одни и те же движения, такие как махание руками, раскачивание или ходьба по кругу.

Проблемы с речью. Возможны следующие нарушения:

Отсутствие первых слов в возрасте до двух лет.

Эхо-речь, когда ребенок механически повторяет услышанные слова или фразы.

Отсутствие попыток формировать фразы для общения.

Легкие симптомы аутизма

При легкой форме аутизма симптомы могут быть не столь очевидны, но все же требуют внимания:

Интерес к одному занятию. Ребенок может увлекаться одной игрушкой или действием, игнорируя все остальное.

Затруднения в социальных взаимодействиях. Например, ребенок не стремится играть с другими детьми, избегает общения.

Такие легкие симптомы аутизма часто воспринимаются как черты характера, что может задержать обращение за помощью.

Раннее выявление повышает шансы на успешную адаптацию ребенка к жизни в обществе.

Сигида Марина Алексеевна.
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ психолог

САМЫЕ ОПАСНЫЕ СИНТЕТИЧЕСКИЕ НАРКОТИКИ

Синтетическими наркотиками называют вещества, которые изготавливаются из различных синтетических веществ. Ввиду того, что в приготовлении используются ненатуральные ингредиенты такие наркотики имеют низкую стоимость, а значит быстро и легко распространяются. Именно благодаря своей дешевизне они более опасны для здоровья человека, чем наркотики, изготовленные из натурального сырья – кокаин, опиум, марихуана.

Состав синтетических наркотиков весьма сложно отследить так как, ежедневно на наркотическом рынке появляются новые виды наркотиков, которые имеют неизвестный ранее химический состав.

К синтетическим наркотикам относят:

- Амфетамины – экстази, скорость, метадон.
- Курительные смеси – спайсы.
- Эмпатолены – соли, ЛСД.
- Лекарственные препараты – транквилизаторы, снотворные, антидепрессанты.

-Средства бытовой химии – растворители, лак для волос, красители, клей, краска.

Такие наркотики можно курить, вдыхать и применять ректально. Они легко растворяются в любых напитках, поэтому так часто употребляются молодежью на разных увеселительных мероприятиях. Летальные случаи от передозировки такими наркотиками встречаются намного реже, нежели от употребления опиоидов. Всего одна доза наркотика может действовать 4 дня.

Синтетические наркотики достаточно сложно выявить, так как они не имеют характерного аромата и цвета.

Основные признаки употребления химических наркотиков:

- Появляется чрезмерная активность человека.
- Наблюдается однообразность в выполнении любой деятельности.
- Зрачки не реагируют на наличие или отсутствие освещения – постоянно расширены.
- Нарушается сон. Наркоман может ночью бодрствовать, заниматься любыми делами, а днем высипаться.
- Походка, движения человека резко меняются
- Развиваются такие неприятные моменты на коже – прыщи, сухость и бледность.
- Повышенное сексуальное влечение.
- Возможна агрессивность, раздражительность, вспыльчивость.
- Пропадает аппетит.
- Возникают галлюцинации и бред.
- Возможны попытки самоубийства.

По окончании действия синтетического наркотика у наркомана наблюдается сильная депрессия, появляется страх и возможен психоз.

Главной опасностью потребления химических наркотиков является то, что они не имеют свойства разрушаться и неспешно выводиться из организма человека. Существуют разновидности таких наркотиков, которые вовсе не метаболизируются. Еще одной серьезной проблемой выступает сосредоточение «синтетика» в головном и спинном мозге, а также в клетках иммунной и репродуктивной системах человеческого организма.

Оказывая влияние на иммунную систему, у наркоманов часто рождаются грибковые инфекции, высыпания различного характера, раны, возникшие на теле не так быстро заживают. Воздействуя на головной мозг, у наркомана наблюдается развитие слабоумия, ему сложно сосредоточиться на определенном предмете, а некоторые не могут даже прочитать текст. Огромный вред синтетических наркотиков наблюдается в вопросе сна. Негативное воздействие наркотических веществ испытывает каждый наркоман, но только избавиться от зависимости желает далеко не каждый.

Калиякберова Гульмира Серикбаевна.
ГКП на ПХВ Ескельдинская ЦРБ специалист кабинета ЗОЖ

ӨРТТЕН ТАБИҒАТТЫ САҚТАЙЫҚ



Қазір облысы бойынша күніне 5-6 өрт дала өңірінде орын алуда. Өрт сөндірушілерде тыным жоқ. Бір өңірдегі өрт сөндіріліп жатса, басқа маңнан жаңа өрт қылаң береді. Барлық себеп биылғы күннің ы с т ы ғ ы н д а болып тұр. Кей жерлерде 30-35 температураны былай қойғанда, сынап бағанасы 40 градусан да асты. Шілденің басынан сонау қыркүйектің аяғына дейін табиғат аясында орын алатын өрттің саны бүгінгі күнге қарағанда 2 есеге ұлғаятындығын жыл сайынғы талдау ақпараттары көрсетіп отыр. Қазір облыстық өртке қарсы қызметінің жеке құрамы күшейтілген жұмыс күніне көшірілген.

Қоршаған ортада туындаған өрттің себептері де әр түрлі. Оған ең бастысы адамның да кінәраты бар десек артық айтпаймыз. Көкке шыққан азаматтардың жаққан оттарын сөндірмей кеткендерінен, механизатор, малшылардың немесе көлік жүргізушісінің жол жиегіне өшірмей тастай салған темекі тұқылынан өрт шыққан оқиғалар көп. Бұның барлығы да адамзаттың табиғат-Анаға деген немқұрайды көзқарасынан туындайтындығы сөзсіз.

Қоршаған ортада орын алған өрттің зияны да ерекше. Біріншіден, ауа ластанса, келесі кезекте өрттің орманға тусу қаупі артады, мал жайылымын, шабындықты құртады. Биолог ғалымдардың айтуынша, өртенген орманның қалпына келуі үшін кемінде 1 ғасыр керек.

Осы жайттар қазіргі күні Өртке қарсы қызметін алаңдатуда. Осыған орай қолжетімді жерлердің барлығы автокөлікпен, ал қолжетісіз жерлердің барлығы орман шаруашылығын қорғаушы мекемесіне қарасты тікұшақпен мамандардың апта сайын облыс аумағын шарлап ушумен қадағаланып отыр. Барлық мақсат табиғат аясында шыққан жедел өртті анықтап, оны сөндіруге күштерді мерзімді жұмылдыруға арналған.

Құрметті облыс тұрғындары, Жетісу өзінің көрікті табиғатымен, жазиралы даласымен ерекшеленіп, көз тартады. Жер жанатына саналатын өңірімізді өрттен қорғап, отқа абайлық танытуларыңызды сұраймыз.

Қ. ӘШІМОВ.
Аудандық ТЖБ аға инженері

КУПАЛЬНЫЙ СЕЗОН: ПРАВИЛА БЕЗОПАСНОГО ПОВЕДЕНИЯ НА ВОДЕ

Чаще всего происшествия на водах происходят по вине самого человека в результате излишней самоуверенности, переоценки собственных сил и возможностей, пренебрежения элементарными правилами поведения на воде.

В этой связи, хотелось бы обратить внимание граждан Ескельдинского района на соблюдение требований Правил безопасности на водоемах, и в первую очередь запрещается:

- входить в воду и купаться в состоянии алкогольного и наркотического опьянения;
- прыгать в воду с лодок, катеров, причалов, а также сооружений, не приспособленных для этих целей;
- нырять в непроверенных и необорудованных местах;
- заплывать за буйки, обозначающие границы заплыва;
- плавать на предметах, не предназначенных для плавания;

- взбираться на технические и предупредительные знаки, буйки;
- входить в воду детям без сопровождения взрослых.

Каждый человек должен знать опасные места и особенности водоема, в котором собирается купаться, так как в необорудованных местах могут быть валуны, затопленные бревна, куски железа, стекло и прочие предметы. Очень опасно подплывать к близко идущим катерам, судам и моторным лодкам, так как имели место быть случаи, когда под дно плавучих средств затягивало водой плывущего рядом человека.

Перед купанием необходимо обследовать водоем: место, выбранное для купания должно находиться на песчаном берегу и иметь удобный спуск к воде; убедиться в том, что в месте, выбранном для купания, отсутствуют коряги, нет топляка, дно имеет постепенный уклон без ям и уступов.

Необходимо отметить, что длительное купание также опасно для здоровья, и продолжительность купания, в основном, зависит от температуры воздуха, воды и силы ветра.

Главной причиной несчастных случаев с людьми на воде является неумение плавать. Ведь достаточно человеку, не умеющему плавать, неожиданно попасть на глубокое место, в сильную струю течения или под удар волны, как он моментально теряет самообладание, захлебывается и тонет.

Часто человек тонет от того, что его движения внезапно сковывает судорога. Причинами же судороги являются переохлаждение в воде, переутомление мышц, вызванное их длительной работой при однообразном стиле плавания, резкие колебания температуры воды.

Пресс-служба
ОЧС Ескельдинского района

ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ ПРОТИВОДЕЙСТВИЯ КОРРУПЦИИ



Коррупция - незаконное использование лицами, занимающими ответственную государственную должность, лицами, уполномоченными на выполнение государственных функций, лицами, приравненными к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, должностными лицами своих должностных (служебных) полномочий и связанных с ними возможностей в целях получения или извлечения лично или через посредников имущественных (неимущественных) благ и преимуществ для себя либо третьих лиц, а равно подкуп данных лиц путем предоставления благ и преимуществ.

Коррупционное правонарушение - имеющее признаки коррупции противоправное виновное деяние (действие или бездействие), за которое законом установлена администра-

тивная или уголовная ответственность;

Уголовные ответственность и наказание за коррупционные преступления предусмотрены

Уголовным кодексом Республики Казахстан, административные ответственность и взыскание за административные коррупционные правонарушения - Кодексом Республики Казахстан об административных правонарушениях.

С уважением,
Управление государственных доходов Ескельдинского района!

